

1. Қоғамның инсайдерлік ақпаратын қолдану және пайдалануды бақылау

1.1. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсат, қоғамның инсайдерлік ақпаратының құпиялылығының сақтауына қарастыратын еңбек және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар негізінде инсайдерлерге беріледі.

1.2. Инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғалар, инсайдерлік ақпаратты осы Ережелерге және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғана пайдалануға міндетті.

1.3. Өз қызметінде, инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын қоғамның құрылымдық бөлімдерінің басшылары, инсайдерлік ақпараттың тиісті құпиялылық режимін қамтамасыз ететін жағдайларда, инсайдерлік ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

1.4. Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қызметтік міндеттерін орындалуына осы ақпаратты қажет етпейтін Қоғам қызметкерлерінің бұл ақпаратқа қол жетімділігін шектеу үшін қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етуі қажет.

1.5. Қоғамның барлық қызметкерлеріне инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділікті шектеу және қорғау үшін, келесі бақылау шаралары мен сақтық шараларын орындау қажет:

1) Қоғаммен жасалатын мәмілелер туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеу;
2) шаруашылық қызметті, инсайдерлік ақпаратты абайсызда ашу қаупін болдырмайтындай түрде жүзеге асыру, мысалы, қоғамдық жерлерде құпия құжаттарды қарастыру жағдайларын болдырмау;

3) қызметтік қажеттілік дәрежесін ескере отырып және ең алдымен инсайдер мәртебесін ескере отырып, Қоғамның инсайдерлік ақпаратын қамтитын құжаттарға қол жетімділікті шектеу;

4) жиналыстардан кейін барлық құжаттарды қоғамдық қолданыстағы орындардан дереу алып тастау және жою;

5) құпия құжаттар мен инсайдерлік ақпарат сақталатын, немесе пайдаланылуы мүмкін үй-жайларға кіру мүмкіндігін шектеу;

6) инсайдерлік ақпаратты қоғамдық орындарда, мысалы, лифттерде, мейрамханаларда, ұшақтарда немесе таксилерде талқыламау.

1.6. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз жариялау қаупі немесе фактісі немесе инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттардың (ақпарат тасымалдаушыларының) жоғалуы анықталған жағдайда, Қоғам қызметкерлері өздерінің тікелей басшыларына, Қоғамның Қауіпсіздік департаментінің қызметкерлеріне олар білетін кез келген фактілер туралы дереу хабарлауға міндетті:

1) лауазымдық міндеттеріне сәйкес ашуға жатпайтын, бірақ оларға белгілі болған, оның ішінде клиенттерден немесе басқа тұлғалардан қоғамның инсайдерлік ақпараты туралы;

2) инсайдерлік ақпаратқа құқығы жоқ тұлғалардың ақпаратқа қол жетімділігі туралы;

3) Қоғамның инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдалану, оның ішінде қоғамның инсайдерлік ақпаратын Қоғам қызметкерлерінің, қоғам инсайдерлерінің, клиенттердің және қоғам серіктестерінің өз мүддесінде, сондай-ақ жоғарыда аталған кез келген адамның туыстарының мүддесінде пайдалану туралы.

2. Қоғамның инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдаланған жағдайдағы

жауапкершілік

2.1 Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және/немесе таратқан жағдайда мұндай бұзушылықтарға жол берген тұлға ҚР қолданыстағы заңнамасына және/немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен мәміле жасалған елдің аумағындағы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ

Қоғамның ішкі құжаттарына және Қоғаммен жасалған келісімдер мен шарттардың талаптарына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

2.2. Қоғам инсайдерлік ақпаратты пайдаланғаны, жария еткені, тарату немесе басқа да айналымға салғаны үшін кінәлі инсайдерлерден аталған заңсыз әрекеттермен қоғамға келтірілген залалды өтеуді талап етуіне құқылы.